



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2023 жылдың қыркүйек айындағы
ҚР өңірлеріндегі инфляциялық үрдістер туралы

2023 жыл, 17 қазан

Қазақстан Ұлттық Банкі ҚР аймақтарындағы инфляциялық үрдістер туралы деректі жариялады.

2023 жылғы қыркүйекте елде **жылдық инфляция** баяулап, 11,8%-ды құрады (тамызда – 13,1%). Өңірлер бойынша жылдық инфляция барлық 20 өңірде бәсеңдеді.

Бұл ретте, қыркүйек айында елдегі айлық инфляция 0,6% болды.

Жылдық инфляцияның ең жоғарғы мәні Ақмола, Жетісу және Солтүстік Қазақстан облыстарында тіркелді.

Қыркүйекте **азық-түлік** тауарларының бағасы ж/ж 11,4%-ға дейін (тамызда – 12,4%) баяулады. Осы топтағы тауарлардың бағасы Ұлытау облысында (15,3%) тез, ал Шымкент қаласында (8,9%) баяу өсті.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсу қарқыны ж/ж 12,1%-ға дейін баяулады (тамызда – 13,5%). Ең жоғарғы мән Алматы қаласында (14,4%), ал ең төменгі мән Ұлытау облысында (8,0%) тіркелді.

Қыркүйекте **ақылы көрсетілетін қызмет** бағасы ж/ж 11,9%-ға дейін өсті (тамызда – 13,9%). Бұл ретте жалпы республикалық деңгейден баға Жетісу облысында (17,7%) біршама тез, Қостанай облысында (8,2%) айтарлықтай баяу өсті.

Толығырақ:
[regionah/rubrics/1977](https://www.nationalbank.kz/kz/news/inflyacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/1977)

[https://www.nationalbank.kz/kz/news/inflyacionnye-tendencii-v-](https://www.nationalbank.kz/kz/news/inflyacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/1977)

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz